**Бекітемін:**
**«Қызылорда облысының білім басқармасының**
**Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің**
**№21 «Алпамыс» бөбекжай –балабақшасы» КМҚК**
**меңгерушісі: Ж.Коланова**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламасы негізінде**
**2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

2025-2026жыл

**Бекітемін:**
«Қызылорда облысының білім басқармасының
«Қазалы ауданы бойынша білім бөлімнің
№21 «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы»
ҚМҚК-ның меңгерушісі: __________ Ж.Қоланова

**Күн тәртібі**

«Балапан» кіші тобы
( 2 жастағы балалар)
Қыркүйек, 2025-2026 оқу жылы

| **Режимдік сәттер** | Уақыты |
|---|---|
| Балаларды қабылдау | 08:30-08:45 |
| Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру | 08:45-08:50 |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылдар ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және басқа әрекеттер) | 08:50-09:00 |
| Таңертеңгі жаттығу | 09:00-09:05 |
| Тамақтану.Таңғы ас | 09:05-09:30 |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | 09:30-09:40 |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер (ойын,еңбек,таным,қимыл т.б. әрекет түрлерімен)<br>(ҰІӘ күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланады.) | Күні бойы |
| Дәруменді  ас | 10:10-10:20 |
| Серуенге дайындық | 10:20-10:30 |
| Серуен | 10:30-11:10 |
| Серуеннен оралу | 11:10-11:20 |
| Мәдени-гигиеналық шаралар | 11:20-11:40 |
| Түскі ас | 11:40-12:20 |
| Мәдени-гигиеналық шаралар | 12:30-13:00 |
| Күндізгі ұйқы | 13:00-15:10 |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары | 15:10-15:30 |
| Бесін ас | 15:30-16:00 |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және басқа әрекеттер) | Күні бойы |
| Балалармен жеке жұмыс | Күні бойы |
| Серуенге дайындық | 16:20-16:30 |
| Серуен | 16:30-17:00 |
| Серуеннен оралу | 17:00-17:10 |
| Балалардың үйге қайтуы | 17.10-17.30 |

*Министр Б. Жұмағұлов*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
1-қосымша

**Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.01.2025 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Балапан» кіші тобы

| Рет № | **Ұйымдастырылған іс-әрекет*** | **Жас топтары** |
|---|---|---|
| | | кіші топ (2 жастағы балалар) |
| 1 | Дене тәрбиесі | аптасына үш рет |
| | Дене тәрбиесі** | күн сайын |
| 2 | Тіл дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| 3 | Сенсорика | күн сайын |
| 4 | Қоршаған әлеммен таныстыру | күн сайын |
| 5 | Сурет салу | күн сайын |
| | Мүсіндеу | күн сайын |
| | Жапсыру | күн сайын |
| | Құрастыру | күн сайын |
| 6 | Музыка | аптасына бір рет |
| | Музыка*** | күн сайын |
| 7 | Арнайы түзету іс-әрекеті | күн сайын |

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, балалардың шулы аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

**** Арнайы түзету іс-әрекеті арнайы және жалпы мектепке дейінгі ұйымдарда, арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламасы негізінде**
**2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «№21 Алпамыс» бөбекжай- бақшасы»
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2025 жыл

| Айы | *Ұйымдастырылған іс-әрекет* | *Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері* |
|---|---|---|
| 1 | *Дене тәрбиесі* | - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау, жалпы дамытушы жаттығуларды ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. **Жүру.** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген жіп (лентаның) бойымен жүруге машықтандыру. |
| 2 | *Тіл дамыту* | Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз), ертегі кейіпкерінің сөздерін дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, естуқабілетінің дамуына ықпал ету |
| 3 | *Көркем әдебиет* | - Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. |
| 4 | *Сенсорика* | Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру,түрлі сенсорлық әсерлермен байыту, қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу |
| 5 | *Құрастыру* | Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен (тұрғызып қою, жатқызып қою, тиістіру, тегістету) таныстыру |
| 6 | *Қоршаған әлеммен таныстыру* | «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. |
| 7 | Сурет салу | -бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту,. |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мүсіндеу | Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. |
| 9 | Жапсыру | -Жапсыруға қызығушылықты ояту. |
| 10 | Музыка | - музыкаға деген қызығушылықты ояту, қалыптастыру. Балаларды музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. |

Білім беру ұйымы : «№21Алпамыс» бөбекжай- бақшасы»
Топ:  «Балапан » кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| 1 | Дене тәрбиесі | Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, |
| 2 | Тіл дамыту | Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету |
| 3 | Көркем әдебиет | - Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.Балаларды бесік жырларды,халық әндерін,ертегілерін,авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету |
| 4 | Сенсорика | сенсорлық қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; |
| 5 | Құрастыру | - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету;заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу, |
| 6 | Қоршаған әлеммен таныстыру | Көлік.Көліктер,көше,жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру |
| 7 | Сурет салу | -бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. |
| 8 | Мүсіндеу | Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. |
| 9 | Жапсыру | Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. |
| 10 | Музыка | Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,оны тыңдау,дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. |

Білім беру ұйымы : «№21 Алпамыс» бөбекжай-бақшасы»
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі:қараша айы, 2025 жыл

| | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| 1 | Дене тәрбиесі | құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. |
| 2 | Тіл дамыту | Балалардың сөздік қорын:ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен таныстыру |
| 3 | Көркем әдебиет | Оқып беруді ойыншықтарды,суреттерді,үстел үсті театрының кейіпкерлерін және баска да көрсетумен сүйемелдеу,сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау |
| 4 | Сенсорика | Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру |
| 5 | Құрастыру | Өз бетінше құрастыру |
| 6 | Қоршаған әлеммен таныстыру | -Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру (жапырақтарды түсіп, гүлдердің солып қалуы). Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма,. алмұрт) ажырату |
| 7 | Сурет салу | - Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу |
| 8 | Мүсіндеу | Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. |
| 9 | Жапсыру | Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу)үйрету |
| 10 | Музыка | - музыкаға, ән айтуға,қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.Балаларды музыкалық шығармашылыққа,әсемдікті сезінуге тәрбиелеу.<br>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,оны тыңдау,дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты,музыкалық шығармалардың сипатын(баяу және көңілді әндер)ажырата білу. |

Білім беру ұйымы : «№21 Алпамыс» бөбекжай-бақшасы»
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2025 жыл

| | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| 1 | Дене тәрбиесі | Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу |
| 2 | Тіл дамыту | Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. |
| 3 | Көркем әдебиет | Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. |
| 4 | Сенсорика | түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |
| 5 | Құрастыру | кеңістік қатынастарды түсіну |
| 6 | Қоршаған әлеммен таныстыру | Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.Еңбекке баулу.Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі,сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу,ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.Ересектерге көмектесу ниетін қолдау |
| 7 | Сурет салу | - дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, |
| 8 | Мүсіндеу | сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. |
| 9 | Жапсыру | Материалдарды қолданудың қарапайым әдістерін үйрету. |
| 10 | Музыка | Ән айту.Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып,әннің қайталанатын сөздерін музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру |

Білім беру ұйымы : «№ 21Алпамыс» бөбекжай-бақшасы»
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2026 жыл

| | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| 1 | Дене тәрбиесі | шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. |
| 2 | Тіл дамыту | - еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен айтуға үйрету. |
| 3 | Көркем әдебиет | .Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. |
| 4 | Сенсорика | түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |
| 5 | Құрастыру | құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру |
| 6 | Қоршаған әлеммен таныстыру | Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау. |
| 7 | Сурет салу | Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. |
| 8 | Мүсіндеу | Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: |
| 9 | Жапсыру | Фланелеграфта (сызықтарда және шаршыда қағаз бетіне қойып,құрастыруға үйрету. |
| 10 | Музыка | Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. |

Білім беру ұйымы : «№21Алпамыс» бөбекжай-бақшасы»
Топ:  «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы, 2026жыл

| | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| 1 | Дене тәрбиесі | Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 х 50 сантиметр модульге өрмелеу |
| 2 | Тіл дамыту | Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру |
| 3 | Көркем әдебиет | - Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу. |
| 4 | Сенсорика | заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. |
| 5 | Құрастыру | Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. |
| 6 | Қоршаған әлеммен таныстыру | Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. |
| 7 | Сурет салу | Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.<br>Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. |
| 8 | Мүсіндеу | заттардың ұқсастықтарын табу.. |
| 9 | Жапсыру | Флаенелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді,доптарды,шарларды,гүлдерді орналастыру. |
| 10 | Музыка | Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың «барабан,бубен,сылдырмақ)оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ,сырнай)дыбыстарымен таныстыру. |

Білім беру ұйымы : «.№21 Алпамыс» бөбекжай-бақшасы»
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі:наурыз айы, 2026 жыл

| | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| 1 | Дене тәрбиесі | - Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. |
| 2 | Тіл дамыту | Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнатуарқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру |
| 3 | Көркем әдебиет | Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. |
| 4 | Сенсорика | заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.Заттарды түсі,көлемі,пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. |
| 5 | Құрастыру | Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу,олармен ойнау,қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту:үстіне,жанына қою. |
| 6 | Қоршаған әлеммен таныстыру | **Адамгершілік тәрбиесі**.Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу,жанашырлық,қамқорлық таныту,ата-аналарын сыйлауға баулу |
| 7 | Сурет салу | Қаламды үш саусақпен,қатты қыспай ұстау,суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. |
| 8 | Мүсіндеу | Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру:<br>Кесені,тостағанды,табақты мүсіндеуде пішіннің жоғарғы бөлігін саусақпен басып,тереңдету,кесектерді біріктіру,қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік,жүзік,қол сағат,)мүсіндеу |
| 9 | Жапсыру | Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. |
| 10 | Музыка | Ән айту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып,әннің қайталанатын сөздерін,музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. |

Білім беру ұйымы : «№21 Алпамыс» бөбекжай-бақшасы»
Топ: «балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2026 жыл

| | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| 1 | Дене тәрбиесі | Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. |
| 2 | Тіл дамыту | - Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату |
| 3 | Көркем әдебиет | - Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. |
| 4 | Сенсорика | Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. |
| 5 | Құрастыру | Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. |
| 6 | Қоршаған әлеммен таныстыру | - **Табиғат әлемі.** Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру. |
| 7 | Сурет салу | -бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетіне жүргізу |
| 8 | Мүсіндеу | Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру:<br>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану,қолды дымқыл шүберекпен сүрту,дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру,жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету |
| 9 | Жапсыру | Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. |
| 10 | Музыка | -Ән айту.Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып,әннің қайталанатын сөздерін,музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. |

Білім беру ұйымы : «№21 Алпамыс» бөбекжай-бақшасы»

Топ: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2026 жыл

| | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| 1 | Дене тәрбиесі | Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып) |
| 2 | Тіл дамыту | Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату |
| 3 | Көркем әдебиет | -Шағын тақпақтарды қайталатып айтқызу |
| 4 | Сенсорика | Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. |
| 5 | Құрастыру | Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. |
| 6 | Қоршаған әлеммен таныстыру | Адамгершілік тәрбиесі.Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу»жанашырлық,қамөорлық таныту)ата-аналарын сыйлауға баулу.- «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру<br>- Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін, көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыра отырып,көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру |
| 7 | Сурет салу | -бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.аламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. |
| 8 | Мүсіндеу | Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану,қолды дымқыл шүберекпен сүрту,дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру,жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету |
| 9 | Жапсыру | Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды орналастыру. |
| 10 | Музыка | Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен,сылдырмқпен,маракаспен)орындау дағдысын дамыту |